



Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім министрлігі

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты

ОТАН ТАРИХЫ

2026. Т. 29 (1)

ISSN 1814-6961
E-ISSN 2788-9718

ОТАН ТАРИХЫ

2026. Т.29 (1)

- ТАРИХ
- ЭТНОЛОГИЯ
- АРХЕОЛОГИЯ



ISSN: 1814-6961 (print)
ISSN: 2788-9718 (online)

Отан тарихы
Отечественная история
History of the Homeland

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2026. Т. 29 (1)



Published in the Kazakhstan
Otan tarikhyy
Has been issued as a journal
since 1998
ISSN: 1814-6961 (Print)
ISSN: 2788-9718 (Online)
2026. Vol. 29. Is. 1. Pp. 303–
311
Journal homepage: <https://otan.history.iie.kz>



ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI 03.20.

https://doi.org/10.51943/2788-9718_2026_29_1_303-311

ТҮРІК ЗЕРТТЕУШІЛЕРІНІҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ АШАРШЫЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ

Нұрсұлу Кенебайқызы Дюсенова

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
(28-үй, Шевченко көш., 050010, Алматы, Қазақстан Республикасы)
тарих ғылымдарының кандидаты
<https://orcid.org/0000-0003-3259-1549>. E-mail: nur_sulu18@mail.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТЭИ, 2026

© Дюсенова Н.К., 2026

Аңдатпа. *Kipicne.* Түрік зерттеушілерінің еңбектерінде КСРО-ның Қазақстандағы саясаты, соның ішінде 1920–1930 жылдарында қазақ ауылдарын жаппай ұжымдастыруға бағытталған заңнамалық және ұйымдастырушылық шаралар баяндалады. Осы ретте түрік ғылымында бұл саясаттың салдарына, яғни қазақ халқының этнодемографиялық зардаптарына мән беріледі. Осыған байланысты бұл мақала осы мәселенің төңірегіндегі концепцияларға көңіл бөлінеді. *Зерттеудің мақсаты мен міндеттері.* Мақаланың мақсаты – қазіргі түрік тарихнамасындағы кеңестік биліктің Қазақстанның ауыл шаруашылығы саласындағы ұжымдастырудың негізгі ұстанымдары мен ерекшеліктерін, сондай-ақ бұл саясатқа әсер еткен әлеуметтік-саяси, әлеуметтік-экономикалық және идеологиялық факторларды анықтау. *Нәтижелер.* Түрік тарих ғылымында Қазақстандағы 1930 жылдарының бас кезеңіндегі кеңестік биліктің қазақ ауылдарын жаппай ұжымдастыруға бағытталған іс-шаралары, ұжымдастыру саясатының барысы мен қазақ халқы ұшыраған этнодемографиялық зардаптар сияқты мәселелерге ерекше назар аударылады. *Материалдар мен әдістер.* Мақаланы жазу үшін түрік зерттеушілерінің КСРО-ның Қазақстандағы ұжымдастыру саясатына арналған еңбектері пайдаланылды. Зерттеу барысында факторлық талдау әдісі, синхрондық әдіс және тарихи-диахрондық әдіс қолданылды. *Қорытынды.* Қазіргі Түркияның тарих ғылымында Ашаршылық мәселесінің төңірегіндегі зерттеулер Қазақстанның тарихына қатысты ғылыми еңбектерде елеулі орын алады. Бұл ретте түрік ғалымдарының монографиялары мен мақалаларында қолданылатын «геноцид» («Soykırım»), «Ашаршылық» («Kıtlık»), «Қызыл Ашаршылық» («Kızıl Kıtlık»), «аштық» («Açlık Felaketi») сияқты терминдер түрік тарихнамасында қалыптасқан зерттеушілердің нақты ұстанымдарын көрсетеді.

Түйін сөздер: Қазақстан тарихы, Ашаршылық, түрік тарих ғылымы, тарихнама, совет билігінің саясаты, ұжымдастыру, Кіші Қазан.

Алғыс. Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Қазақстандағы 1931–1933 жылдардағы жаппай ашаршылықтың куәгерлері мен олардың ұрпақтарының естеліктерін дайындау және шығару» тақырыбындағы гранттық қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында орындалды (жеке тіркеу нөмірі: АР 19678056).

Дәйексөз үшін: Дюсенова Н.К. Түрік зерттеушілерінің еңбектеріндегі Ашаршылық мәселесі // *Otan tarihy*. 2026. Vol. 29. Is. 1. Pp. 303–311. [in Kazakh]. DOI: 10.51943/2788-9718_2026_29_1_303-311

ПРОБЛЕМА АШАРШЫЛЫКА В ТРУДАХ ТУРЕЦКИХ ИССЛЕДОВАТЕЛЕЙ

Нурсулу Кенебаевна Дюсенова

Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова
(ул. Шевченко, 28, 050010, Алматы, Республика Казахстан)
кандидат исторических наук
<https://orcid.org/0000-0003-3259-1549>. E-mail: nur_sulu18@mail.ru

© ИИЭ им. Ч.Ч. Валиханова, 2026

© Дюсенова Н.К., 2026

Аннотация. *Введение.* В работах турецких исследователей характеризуются политика СССР в Казахстане, в том числе законодательные и организационные меры, направленные на массовую коллективизацию казахских аулов в 1920–1930-е гг. При этом в турецкой науке основной упор делается на демографических последствиях этой политики для казахского народа. В связи с этим в данной статье уделяется внимание концепциям, затрагивающим отдельные аспекты указанного вопроса. *Цель и задачи исследования.* Цель статьи – выявить основные принципы и особенности коллективизации сельского хозяйства в Казахстане советскими властями в современной турецкой историографии, а также политические, социально-экономические и идеологические факторы, повлиявшие на эту политику. *Материалы и методы.* Для написания статьи использованы труды турецких исследователей, посвященные политике коллективизации СССР в Казахстане. В процессе проведения исследования использованы метод факторного анализа, синхронный метод и историко-диахронный метод. *Результаты.* В турецкой исторической науке особое внимание уделяется таким вопросам, как меры по массовой коллективизации казахских аулов, предпринятые советскими властями в Казахстане в начале 1930-х гг., ход политики коллективизации и демографические последствия для казахского народа. *Выводы.* В современной исторической науке Турции исследования в рамках темы ашаршылыка занимают значительное место в научных трудах, связанных с историей Казахстана. Используемые при этом в монографиях и статьях турецких ученых такие термины, «геноцид» («Soykırım») «голодомор» («Kitlik»), «Красный голодомор» («Kızıl Kitlik»), «голод» («Açlık Felaketi») являются выражением конкретных позиций исследователей, сформировавшихся в турецкой историографии.

Ключевые слова: история Казахстана, Ашаршылык, турецкая историческая наука, историография, политика советской власти, коллективизация, Малый Октябрь.

Благодарность. Статья подготовлена в рамках реализации проекта грантового финансирования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан «Подготовка и издание серии воспоминаний очевидцев массового голода 1931–1933 годов в Казахстане и их потомков» (регистрационный номер: AP 19678056).

Для цитирования: Дюсенова Н.К. Проблема Ашаршылыка в трудах турецких исследователей // *Otan tarihi*. 2026. Vol. 29. Is. 1. Pp. 303–311. [in Kazakh]. DOI: 10.51943/2788-9718_2026_29_1_303-311

THE PROBLEM OF ASHARSHYLYK IN THE WORKS OF TURKISH RESEARCHERS

Nursulu K. Dyussenova

Leading researcher of the Institute of History and Ethnology named after Ch.Ch. Valikhanov
(28, Shevchenko St., Almaty, 050010, Republic of Kazakhstan)
Candidate of Historical Sciences
<https://orcid.org/0000-0003-3259-1549>. E-mail: nur_sulu18@mail.ru

© IHE after Ch.Ch. Valikhanov, 2026

© Dyussenova N.K., 2026

Abstract. *Introduction.* Turkish researchers characterized the USSR's policies in Kazakhstan, including legislative and organizational measures aimed at the mass collectivization of Kazakh villages in the 1920s

and 1930s. Turkish scholarship focused primarily on the consequences of this policy, namely, its demographic consequences for the Kazakh people. Therefore, this article focuses on concepts that address specific aspects of this issue. *Purpose and objectives of the study.* The aim of this article is to identify the key principles and features of agricultural collectivization in Kazakhstan by the Soviet authorities in contemporary Turkish historiography, as well as the political, socio-economic, and ideological factors that influenced this policy. *Materials and Methods.* This article draws on the work of Turkish researchers on the USSR's collectivization policies in Kazakhstan. Factor analysis, synchronic analysis, and historical-diachronic analysis were used in the study. *Results.* Turkish historical scholarship pays particular attention to issues such as the mass collectivization of Kazakh villages undertaken by the Soviet authorities in Kazakhstan in the early 1930s, the course of the collectivization policy, and its demographic consequences for the Kazakh people. *Conclusions.* In modern Turkish historical scholarship, research on the topic of *aşarşılık* occupies a significant place in scholarly works related to the history of Kazakhstan. Terms such as «genocide» («Soykırım»), «Red Famine» («Kızıl Kıtılık») and «Famine» («Açlık Felaketi»), used in monographs and articles by Turkish scholars, express the specific positions of researchers who have emerged in Turkish historiography.

Keywords: History of Kazakhstan, Asharshylyk, Turkish historical science, historiography, Soviet policy, collectivization, Little October.

Acknowledgements. The article was prepared within the framework of the grant financing project of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan “Preparation and publication of a series of memoirs of eyewitnesses of the mass famine of 1931–1933 in Kazakhstan and their descendants” (Registration number AP 19678056).

For citation: Dyussenova G.M. The problem of *Asharshylyk* in the works of Turkish researchers // *Otan tarihy.* 2026. Vol. 29. Is. 1. Pp. 303–311. [in Kazakh]. DOI: 10.51943/2788-9718_2026_29_1_303-311

Кіріспе. XX ғасырдың 1920–1930 жылдары – Қазақстан тарихында өте ауыр кезеңдердің бірі. Өйткені I және II дүниежүзілік соғыстар жылдарының аралығында қазақ халқының көптеген саяси, ғылыми, әскери және қоғамдық қайраткерлері, сондай-ақ қарапайым адамдар саяси қуғын-сүргінге ұшырады. Сонымен бірге бұл КСРО-да тоталитарлық саяси жүйенің толық қалыптасуымен ерекшеленетін хронологиялық кезеңде кеңестік мемлекет қазақ халқының қазақ ауылдарын ұжымдастыруға бағытталған және ақыры қазақ халқының этнодемографиялық болашағына өте ауыр әсер еткен әлеуметтік-экономикалық саясатын жүзеге асырды. Қазіргі уақытта Совет Одағының Қазақстандағы қазақ ауылдарын ұжымдастыру мәселесі жөніндегі ғылыми жарияланымдар Қазақстан тарихына арналған басылымдарда тарихнамалық шолуларда талданады. Яғни, бұдан әрі көрсетілгендей, және сөз болып отырған мәселенің көптеген аспектілері ресейлік және батыстық зерттеушілердің монографиялары мен мақалаларында айқын көрініс тапты. Сонымен бірге бұл мәселенің түрік тарих ғалымдарының еңбектерінде де талданғандығын айтуымыз керек. Бірақ түрік тарихшыларының ғылыми көзқарастары кеңінен белгілі емес. Бұл ретте Қазақстан тарихының кейбір қырларын қозғайтын мәселелерге байланысты түрік тілінде жарияланған ғылыми еңбектерге шолу жасау Түркиядағы қазақстантандудың қазіргі жағдайына сандық әрі сапалық жақтан баға беруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар келесі жайтқа да назар аудару керек. Қазақстан мен Түркияның экономика, мәдениет, саясат, ғылым сияқты салалардағы өзара ынтымақтастық Түркі әлемінің күшеюіне септігін тигізетіні баршаға мәлім. Бұл ретте Қазақстанда түрік тарихнамасын зерттеу қазақ халқының тарихын ғана емес, жалпы түркі тарихын зерделеу екі бауырлас елдің мәдени-саяси байланыстардың нығайту үшін де маңызды.

Материалдар мен әдістер. Мақаланы жазу үшін түрік зерттеушілерінің қаламынан шыққан КСРО-ның Қазақстандағы ұжымдастыру саясатын тікелей немесе жанама қатысы бар еңбектер пайдаланылды. Бұл Түркияның тарих ғылымында осы мәселе жөнінде қалыптасқан көзқарастардың ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Осы ретте Батыс елдері ғалымдарының да, түрік тарихшыларының да кеңестік биліктің ұжымдастыру саясатына қатысты ұстанымдары үшінші жақтан (алғашқы екі жақ қазақстандық және Ресей Федерациясы зерттеушілерінің көзқарастары) пайымдағанымен бірдей. Зерттеу жүргізу барысында төмендегідей ғылыми әдістер қолданылды. Мақалада қолданылған *факторлық талдау әдісі* авторлардың ұстанымдарына әсер еткен көптеген идеологиялық, әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік-саяси және т.б. факторларды анықтауға мүмкіндік береді. Белгілі бір елде бір уақытта болып жатқан тарихи оқиғаларды (үрдістерді немесе құбылыстарды) бір-бірімен салыстырып зерттеуді көздейтін *синхрондық әдістің* орны ерекше. Осы

әдістің зерттеушілердің көзқарастарын айқындап ерекшеліктерін анықтауға да тиімділігін айту керек. Тарих ғылымының саласындағы тарихнамалық зерттеулерде синхрондық әдіспен *тарихи-диахрондық әдіс* тығыз байланысты. Белгілі кеңестік тарихшы И.Д. Ковальченконың айтуынша, осындай әдіс арқылы тарихи үрдістің дамуындағы өзгерістер мен олардың сандық әрі сапалық сипаттамаларын зерттеуге болады [Ковальченко, 1987: 191–194].

Талқылау. Қазіргі кезеңде Кеңес Одағының Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-саяси саясатының көптеген бағыттары, оның ішінде ұжымдастыруға қатысты іс-шаралары тарихшылардың ғылыми еңбектерінде кеңінен көрініс тапқан. Атап айтқанда, Қазақстан, Ресей және Батыс елдері зерттеушілерінің қаламынан шыққан мақалалар мен кітаптарда [Аккулы, 2014; Алексеев, 2026; Смағұлова, 2023; Корнилов, 2023; Киндлер, 2017; Olcott, 1981; Piansiola, 2004; және т.б.] Осы мәселенің елеулі орын алғандығын көруге болады. Бұл ретте ресей тарихшысы Г.Е. Корнилов қазақстандық, ресейлік және батыстық зерттеушілердің осы тақырыптағы еңбектеріндегі зерттей отырып, С. Камерон мен Р. Киндлер сынды ғалымдардың пікіріне ерекше назар аударады. Мәселен, С. Камеронның тұжырымдауынша, сталиндік режим қазақ халқының белгілі бір бөлігінің жаппай қырылуына себеп болған әлеуметтік-экономикалық жағдайлар туғызды. Өз кезегінде, американдық тарихшының жазғанына қарағанда, бұл 1948 жылғы 9 желтоқсан күні қабылданған «Геноцид қылмысын алдын алу және ол үшін жазалау туралы Конвенцияның» кейбір тармақтарына сай екен деген қорытынды шығарады [Корнилов, 2023: 102]. Осылайша, КСРО-дағы қазақ ауылдарын жаппай ұжымдастыру саясаты мен оның этнодемографиялық зардаптары мәселесі Қазақстан мен Ресейде, сондай-ақ кейбір АҚШ пен Германия сияқты батыстық елдердің тарих ғылымында тарихнамалық тұрғыдан да зерттелгендігін көруге болады. Дегенмен, бүгінге дейін түрік тарих ғылымында бұл мәселенің жағдайы толық көрініс таппады. Осыған байланысты түрік зерттеушілерінің Қазақстандағы жаппай ұжымдастыру мәселесіне арналған еңбектерін талдау КСРО-ның Қазақстанға қатысты саяси және әлеуметтік-экономикалық тарихын жан-жақты зерделеуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге бұл белгілі бір дәрежеде осы тақырыпты тарихнамалық зерттеудегі кейбір «ақтандақтарды» ашуға септігін тигізеді.

Зерттеу нәтижелері. Советтік биліктің Қазақстандағы ұжымдастыру саясатының ерекшеліктері, барысы және салдары түрік зерттеушісі Зейнеш Исмайылдың «Қазақтар» («Kazak Türkleri») атты іргелі әрі көлемді еңбегінде қарастырылады. Ұжымдастыру саясатының салдарын талдай отырып, зерттеуші бұл саясаттың зардаптарына ерекше көңіл бөледі. Оның айтуы бойынша, 1926 және 1939 жылдары Қазақстанда тұрған қазақтар мен орыстардың абсолюттік санын және олардың үлес салмағын салыстырып, орыстардың жоғарыда аталған екі көрсеткіші өсуін байқатқанда (мысалы, олардың саны 2.164.582 адамнан 2.877.000 адамға өсті), қазақтардың абсолюттік саны 3.627.612-ден 2.833.000-ге азая түсті. Зейнеш Исмайылдың пайымдауынша, 13 жылдың ішінде қалыпты жағдайда қазақтардың саны 1 млн-ға өсетін еді. Осы жағдайда егер 1929–1939 жылдар аралығында қазақ халқының шығындары шамамен 2 млн адам болса, ал соған қоса ХХ ғ. 20 жылдарының бас кезеңінде аштан қайтыс болған қазақтарды есептесек, қазақтардың жалпы шығындары 3 млн адамға жетеді [İsmaıl, 2002: 96]. Кеңестік биліктің ұжымдастыру саясатын геноцид (*katliyam*) деп бағалап, автор Мәскеудегі кеңестік үкіметтің сол кезде Қазақстандағы ұжымдастыруға байланысты қауіптер туралы хаттар мен хабарларға қажетті реакция жасамағандығына ерекше назар аударады. Зерттеушінің айтуынша, «... кеңестік режим өкілдерінің өздерінің қазақ отандастарына мейірімсіз қарағандықтарын, жасаған дөрекілік пен қатыгездікті сипаттауға сөз жетпейді» [İsmaıl, 2002: 96].

КСРО билігінің Қазақстанның ауыл шаруашылығы саласындағы саясатына белгілі Әбділ Қайым Кесіжидің де көңіл бөлгендігін айта кетуіміз керек. Өзінің «Кешегі, бүгінгі және болашақтағы Қазақстан» («Dün, Bugün ve Hedefteki Kazakistan») деген кітабында автор басқа мәселелерді қоспағанда, кеңестік билік ресми өкілдерінің жалпы қазақ халқына көзқарастарын, қазақ ауылын советтендіруге бағытталған іс-шараларын және кеңестік биліктің жүзеге асырған саясатының әлеуметтік, саяси және демографиялық салдарына да сипаттама береді. Бұл мәселеге оның еңбегіндегі «Қазақ ауылын советтендіру және далалық аймақтардағы аштық» («Kazak Avilinin Sovyetleştirilmesi ve Bozkırlardaki Açlık») атты тарауша арналған. Осында Әбділ Қайым Кесіжи кеңестік биліктің Қазақстанда 1920 жылдардың бас кезеңіндегі және 1920 жылдардың соңы – 1930 жылдардың басындағы саясатын зерттей отырып, осы жағдайға көңіл бөледі. Атап айтқанда, 1920–1921 жылдары Қазақстанда егін шықпаса да, кеңестік билік өзінің саясатын тоқтатқан емес. Нәтижесінде Әбділ Қайым Кесіжи айтқандай, «амалсыз қалған жүз мыңдаған қазақ ірі елді мекендерде және пойыз бекеттерінде жиналды. Бір үзім нан таба алмай қалды. Бірақ кеңестік билік

соны ескермеді. 1 млн-нан астам қазақ аштан қырылды» [Kesici, 2003: 202]. Бұл ретте тарихшы кеңестік биліктің бір өкілінің сөзін келтіреді: «Экономикалық жақтан қарағанда қазақтар артта қалыпты. Марксистік көзқарас бойынша, олар қалай болса да, жоқ болып кетеді. Сондықтан революция үшін бөлінген қаражатты аштықпен күресу үшін пайдаланудан гөрі одан да майдандағы әскерлерді қолдау үшін пайдалану маңызды» [Kesici, 2003: 202]. Өзінің ғылыми зерттеуінде КСРО-ның Қазақстандағы 1925 жылдан кейінгі кезеңдегі кеңестік биліктің ресми өкілі Ф. Голощекин қабылдаған нақты іс-шараларды және кеңестік биліктің қазақ ауылдарын ұжымдастыруға бағытталған саясатын зерттей келе, Әбділ Қайым Кесіжи бұл саясаттың салдары қазақ халқы үшін өте ауыр болғандығына ерекше назар аударады: «Әсіресе 1931–1933 жылдар аралығында халық аштық пен аурулардан қырылған. Осы кезеңде кейбір деректерге қарағанда 2 млн 300 мың, басқа да деректерге сәйкес 4 млн қазақ қырылды... Сондықтан да қазақтар өз жерінде сан жағынан халықтың көпшілігін құрамай, енді аз ұлтқа айналды» [Kesici, 2003: 208–209].

Совет Одағы үкіметінің Қазақстанның ауыл шаруашылығы саласындағы саясаты Вейсел Ибраһим Қаражаның «Геноцидтің анатомиясы – Қазақстанда Қызыл ашаршылық» («Bir Soykırımın Anatomisi – Kazakistan'da Kıızıl Kıtılık») атты мақаласында автор Дамира Ибраһим мен Уәхит Түріктің 2016 жылы басылып шыққан «Қазақстанда Қызыл ашаршылық (1929–1933)» («Kazakistan'da Kıızıl Kıtılık (1929–1933)») кітабына шолу жасайды. Осы ретте кеңестік үкіметтің қазақ халқына қатысты саясатының өте қатаң екендігін атап өтіп, Вейсел Ибраһим Қаража бұл саясаттың іргелі мақсатын төмендегідей айқындайды: «...шұрайлы және малшылықпен шұғылдану үшін өте ыңғайлы бұл ұланғайыр территорияны қазақтардан тазартып орнына орыстарды қоныстандыру және олардың (орыстардың. – Н.Д.) жанында басқа бір ұлттың болмауын» қамтамасыз ету. Зерттеушінің пікірінше, бұл саясат іс жүзінде Ресей империясы кезеңіндегі саясаттың жалғасына ұласты. Өйткені Вейсел Ибраһим Қаража айтқандай, «жүздеген жылдар бойы орыстар Қазақ даласына көз тіккен», содан кейін билікке келген большевиктер «жер мен еркіндіктің орнына өлім мен қайғы, демократия мен мен республиканың орнына қысым мен зорлық-зомбылық, бостандықтың орнына құлдық» әкелді [Karaca, 2017: 171].

Дамира Ибраһим мен Уәхит Түріктің осы еңбегі түрік тарихшысы Ахмет Чамның «Қазақстанда Қызыл аштық (1929–1933). Сталинге хаттар. Естеліктер. Баяндамалар» атты туынды жайында («Kazakistan'da Kıızıl Kıtılık (1929–1933). Stalin'e Mektuplar – Anılar - Röportajlar» Adlı Eser Üzerine») деп аталатынын қысқаша мақаласында да талданған [İbrahim, Türk, 2016]. Бұл еңбекте авторлар қазақтың Ғабит Мүсірепов және Тұрар Рысқұлов сынды зиялы қауым өкілдері жазған хаттарға орын берілген. Кітаптың «Естеліктер» атты тарауында ашаршылыққа қатысты көптеген деректер мен 1929–1933 жылдар аралығындағы өмір сүріп ашаршылықты өз көзімен көрген адамдардың естеліктері келтіріледі. Еңбектің «Баяндамалар» атты тарауында Қазақстанда қазақ ауылдарын жаппай ұжымдастыру кезінде орын алған оқиғаларға жан-жақты талдау беріледі [Çam, 2016]. Жалпы алғанда, Дамира Ибраһим мен Уәхит Түрік кітабындағы келтірілген деректерінде, Ахмет Чам кеңестік биліктің қазақ халқына қатысты саясатын келесідей сипаттайды: «Қазақстан халқының мейірімсіз аштыққа қалдыру, жүргізіп жатқан саясаттың дұрыс емес болса да содан бас тартпауы, [Қазақ] еліндегі мал санының бірнеше жыл ішінде 80%-дан астам азаюы, елдің қырылуы – соның бәрін геноцид («katliam») деп айтуға болады» [Çam, 2016: 550].

Совет Одағы Қазақстандағы қазақ ауылдарын жаппай ұжымдастыру саясатының негізгі бағыттары, кеңестік билік өкілдері қолданған шаралар және соларға байланысты мәселелер Еміре Тейіннің «Қазақстанда 1930–1932 жылдар аралығындағы Үлкен Ашаршылықтың себептері: қолдан жасалған ба, әлде олай емес пе?» («Kazakistan'da 1930–32 Büyük Kıtılığы'nın Nedenleri: Kasıt Mı, Kaza Mı?») деп аталатын көлемді мақаласында төмендегідей нақты сұрақ қояды: ұжымдастыру кезеңіндегі қазақтардың жаппай қырылуын кеңестік биліктің қолдан жасаған әрекеттерінің салдары ретінде қарастыруға бола ма? Бұл ретте Н. Пьянчола, С.Г. Уиткрофт, С. Камерон, Р. Дейвис, Р. Конкест және т.б. батыстық ғалымдардың еңбектерін, сондай-ақ кеңестік мемлекеттік органдардың ресми өкілдерінің қазақ ауылдарын жаппай ұжымдастыруға байланысты іс-әрекеттерін зерттей келе, автор Қазақстанда Ашаршылыққа әкеп соққан әлеуметтік-экономикалық себептерге назар аударады. Атап айтқанда, Қазақстандағы аштықтың «қолдан жасалғандығын» жоққа шығара отырып, Еміре Тейін төмендегідей жайтқа көңіл бөледі: «Ашаршылықтан зардап шеккен аймақтарда, соның ішінде Қазақстанда, «қолдан жасалған» аштық болса, сонда егін жинау мәселесінің немесе азық-түлік тапшылы болу керек. Алайда деректер 1929 жылдан бастап әсіресе КСРО-ның ауылшаруашылық аймақтары ретінде жарияланған республикаларда егін шықпауы және соның салдарынан азық-түлік

тапшылығы байқалды. Жоғарыда да егжей-тегжейлі айтылғандай, ішкі және сыртқы факторларға байланысты егіннің шықпауы тез арада КСРО-ның қате жоспарлауының да әсерімен азық-түлік тапшылығына, ал азық-түлік тапшылығы аштыққа әкеп соқты» [Teġin, 2022: 905].

Еміре Тейін тағы бір «Кеңестік деректердің арғы жағы: неміс дипломатиялық құжаттарындағы Қазақстанда орын алған Үлкен ашаршылықты (1930–1933) талдау» («Sovyet Kaynaklarının Ötesi: Alman Diplomatik Raporlarında Kazakistan'da Büyük Kıtlık (1930–1933) Analizi») атты мақаласында ең алдымен ұжымдастыру саясатына байланысты Батыс елдері зерттеушілерінің ғылыми еңбектеріне талдау жасайды. Сонымен бірге деректер ретінде Мәскеудегі Германия елшісінің ресми өкілі Отто Шиллер және т.б. дипломаттар жасаған есептерге көп мән береді. Өйткені Еміре Тейіннің тұжырымдауынша, әсіресе Отто Шиллер келтірген мәліметтер КСРО-ның саясатын сипаттау үшін дәйектілігі мен сенімділігімен құнды. Атап айтқанда, Отто Шиллерге жазғандығына сүйенетін болсақ, КСРО-да «аштық ең ауылшаруашылық тұрғыдан шұрайлы өңірлерде күтпеген жерден басталып көп уақыт өтпей-ақ басқа да өңірлерге тарады...» [Teġin, 2025: 1196]. Бұл ретте келтірілген мәліметтерде төмендегідей жағдай ерекше назар аударады. Әсіресе, «аштықтың негізгі себептерін [Отто] Шиллер кеңестік биліктің мейірімсіз және жоспарсыз жүргізілген астық алу саясатынан және ұжымдастыру кезеңінен туындаған құрылымдық хаостан көреді» [Teġin, 2025: 1196].

КСРО-ның ауыл шаруашылығы саласындағы саясаты, соның ішінде бұл саясаттың этнодемографиялық зардаптары Сефа Фуат Хекимоғлудың «Кеңес Одағы кезінде Қазақстан» («Sovyetler Birliği Döneminde Kazakistan») деп аталатын еңбегінде талданған. Бұл ретте мақаланың «Аштық жылдары» («Açlık Yılları») атты бөлігінде автор кеңестік биліктің 1920 жылдардың басындағы саясатын сипаттай отырып, нәтижесінде «...мыңдаған қазақ аштықтан қырылды» («...binlerce Kazak açlıktan ölmüştür») [Hekimoğlu, 2012: 399] деген сөздері назар аударады. Осыған байланысты кеңестік өкілдердің нақты шараларын талдағанда, Сефа Фуат Хекимоғлу Кеңестік Ресей билігінің аштықтың себептерін іс жүзінде қазақтардың өздеріне жаппақшы болғанын жазады. Мысал ретінде зерттеуші Ресей коммунистік партиясының Орталық комитетінің 1921 жылғы 17 шілдедегі бір құжатты келтіреді. Бұл барлық партиялық ұйымдарға жіберілген хатта аштықтың себептері түсіндіріледі. Осы тұста кеңестік билік қазақ ауылының артта қалғандығын, ауылдық технологиялардың дамымағандығын аштықтың себептері ретінде көрсетті [Hekimoğlu, 2012: 399].

Еңбектің «Қазақстандағы ұжымдастыруға бағытталған іс-шаралар мен оның салдары» («Kazakistan'da Kollektiflendirme Faaliyetleri ve Sonuçları») тараушасында Сефа Фуат Хекимоғлу кеңестік биліктің 1927 жылдан кейінгі саясатына, соның ішінде ресми биліктің өкілі Филипп Голощекиннің іс-әрекеттеріне («Кіші Қазан» («Küçük Ekim Devrimi») көңіл бөледі. Бұл ретте автор осы өкілдің «көшпелі халықты социализмге құрбансыз апару мүмкін емес» (...göçebe halkı sosyalizme yönlendirmek kurbansız olmayacaktır...)» деген сөздеріне ерекше назар аударады [Hekimoğlu, 2012: 403]. Өзінің мақаласында Сефа Фуат Хекимоғлу сол кездегі қазақ халқының этнодемографиялық көрсеткіштерін сипаттай отырып, қазақтардың кем дегенде 50%-ы аштан қырылды деген қорытынды шығарады [Hekimoğlu, 2012: 404].

Бұл тақырыптың кейбір аспектілері осы автордың «XX ғасырдың алғашқы жартысында Қазақстанда орын алған аштық» («20. Yüzyılın İlk Yarısında Kazakistan'da Yaşanan Açlık Felaketleri») деп аталатын мақаласында да көрініс тапқандығын айта кетуіміз керек [Hekimoğlu, 2018]. Осы тұста Ресейдегі азаматтық соғыс пен революциядан кейінгі кезеңде большевиктер Түркістанның жергілікті тұрғындарының тағдырына селкос қарағандығына назар аударады. Мысалы, «қазақтар және Түркістанның басқа да түркілері аштан қырылып жүргенде, Ақтөбе аймағындағы орыстар қолындағы артық астықты сатып отырды. Осы аймаққа келген түркістандықтар орыс әскерлерін тарапынан қуылып аштан өлуге жіберілді» [Hekimoğlu, 2018: 213].

Уәжиһи Сефа Фуат Хекимоғлу мен Жанабек Таштановтың «Сайрамдағы кеңестік қуғын-сүргін саясат» («Sayram'da Sovyet Repressiya Politikaları») атты мақаласында авторлар негізінен КСРО-ның саясатына қарсы шыққан қазақтардың тағдырын көрсетеді. Бұл ретте архивтік материалдарға сүйене отырып, зерттеушілер кеңестік биліктің іс-шараларына ерекше көңіл бөледі. Олардың көзқарасы бойынша, қуғын-сүргін (НКВД – Ішкі істер халық комиссариаты тарапынан) әсіресе Сайрам төңірегіндегі дін қызметшілеріне жүрді. Өйткені «Сайрам ауданы Қазақстан территориясының оңтүстік аймақтарында егіншілік пен сонымен бірге ислам дінінің ықпалы күшті еді; бұл оқымысты молдалар мен ишандардың мекені болған орталықтардың бірі болған» [Hekimoğlu, Tashtanov, 2018: 417].

КСРО ресми билігінің Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық іс-шаралары, соның ауыл шаруашылығы саласындағы саясаты Ариф Акбаштың «Аштық, зорлық-зомбылық және кеңестік Қазақстанның қалыптасуы: 1932–1933» («Kıtlık, Şiddet ve Sovyet Kazakistanı'nın Oluşumu: 1932–1933 Olayları») деп аталатын еңбегінде талданған. Өзінің мақаласында автор бұрынғы Ресей империясының территориясында орын алған азаматтық соғыс кезіндегі большевиктер билігінің «продразверстка» сияқты әлеуметтік-саяси іс-шараларына көңіл бөледі. Автордың айтуынша, «бұл саясат қалалық тұрғындарды қолдау үшін ауылдық елді мекендерден астық өнімдерін талап етуді және 1919–1922 жылдардағы қазақтардың арасында аштыққа жол ашқан [астықты] шетелге шығаруды көздеді. Шамамен 400 мың – 2 млн адам қырылды» [Акбаş, 2023: 4]. Бұдан әрі қазақ ауылдарын жаппай ұжымдастыру саясатын сөз еткенде, Ариф Акбаш осындай саясаттың салдарынан «бір жерде ғана жинастырылған малдарды асырау мүмкін емес болғандықтан, колхоздардың қажеттіліктері үшін алынған ірі қара мал сол жерде сойылды. 1933 жылға қарай 40 млн ірі қара малдың он пайызы қалды...» [Акбаş, 2023: 4]. Өз кезегінде бұл мәселе аштыққа да жол ашты, дейді автор. Нәтижесінде, зерттеуші атап өткендей, «1931–1933 жылдар аралығында бүкіл Қазақстанды шарпыған аштық кезінде республиканың 6,2 миллион халқының 2,1 миллионы қырылды» [Акбаş, 2023: 5].

Хүсейін Түріктің «Қоғамдық өмір және ежелгі түркі наным-сенімдері. Қазақстан» («Toplumsal Yaşam ve Eski Türk İnançları. Kazakistan Kültürü») атты монографиясы қазақ халқының дәстүрлі мәдениетіне (тағам, мейрамдар, аңшылық, әртүрлі әдет-ғұрыптар және т.б.) арналғандығымен автор кеңестік биліктің ауыл шаруашылығы мәселесіне де қысқаша көңіл бөледі. Әсіресе КСРО ресми өкілдерінің қазақ ауылдарына қатысты саясатын «геноцид» («soykırım») ретінде сипаттай отырып, төмендегідей мәліметтерге мән береді: «1924 жылдан 1934 жылға дейін ауыл шаруашылығы саласындағы жүргізілген жүйелі геноцидтік саясаттың нәтижесінде проблемалар пайда болды. Көптеген қазақ рулары Ұйғыр аймағына және шетелге кетуге мәжбүр болды» [Türk, 2016: 14–15].

Телли Коркмаздың «Қазақстанда өткен уақыттан бері бүгінге дейінгі кезеңде тарих пәнін оқыту» («Kazakistan'da Düünden Bugüne Tarih Eğitimi») атты мақаласы негізінен Қазақстандағы оқу орындарында тарихты оқыту мәселесіне арналған. Автор кеңестік биліктің Қазақстанның ежелгі дәуірдегі тарихы, Ресей империясының Қазақстанға қатысты саясаты, Қазақстанның Ресейге қосылуы сияқты мәселелерге байланысты ресми көзқарастары мен ұстанымдарының айқын көрініс тапқандығына зер салады. Телли Коркмаздың пікірінше, кеңестік білім жүйесінде, мысалы, «Қазақстанның Ресейге қосылуы» («Kazakistan'ın Rusya'ya Katılması») тақырыбы «кеңестік халықтардың бауырластығы» («Sovyet kardeşliği») тұрғысынан қарастырылды. Қазақстан 1991 жылы тәуелсіздігін жариялағаннан кейінгі кезеңде жалпы Қазақстан тарих ғылымында, соның ішінде орта мектептерге арналған оқулықтарда да, елеулі өзгерістер орын алды. Бұл ретте зерттеуші жазғандай, «егер ежелгі дәуірдегі Қазақстан тарихының маңызды бір бөлігін алған сақтар, скифтер, археологиялық олжалар, Алтын адам сияқты тақырыптар зерттелініп жатқанда кеңестік кезеңде шыққан кітаптардың ешқайсысында [халықтардың] түп-тамыры туралы әңгіме болмаса, қазіргі уақытта олар қазақ халқының ата-бабалары ретінде қарастырылады» [Korkmaz, 2017: 101]. Қорыта айтқанда, өзінің мақаласында Телли Коркмаз негізінен Қазақстанның оқу орындары үшін жазылған оқулықтардағы тарихшылардың посткеңестік кезеңде Қазақстанның XVIII–XIX ғасырлардағы саяси тарихына деген көзқарастарының қалай өзгергендігіне талдау жасайды. Осы ретте Телли Коркмаздың еңбегінде Қазақстанның кеңестік кезеңі қарастырылмағандығын айта кету керек. Сондықтан да осы мақалада қазақ ауылдарын жаппай ұжымдастыру мәселесі көрініс таппады. Алайда ғалымның бұл еңбегі тарихнамадағы ғылыми көзқарастар мен ұстанымдарға, соның ішінде кеңестік биліктің ауыл шаруашылығы саласындағы саясатын зерттеу мәселесіне әсер еткен КСРО-дағы және 1991 жылдан кейінгі Қазақстандағы қоғамдық және әлеуметтік-экономикалық оқиғаларды зерделеумен құнды.

Қорытынды. Жоғарыда келтірілген мәліметтер төмендегідей тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді. Біріншіден, КСРО-ның Қазақстандағы мәдениет, ғылым, экономика және т.б. салалардағы (соның ішінде ауыл шаруашылығында) саясаты қазіргі түрік тарих ғылымында ерекше орын алады. Сондықтан да Қазақстан тарихының өте көп аспектілеріне арналған еңбектерде қысқаша болса да ашаршылық, ұжымдастыру сияқты мәселелер көрініс табады. Түрік зерттеушілерінің ғылыми еңбектерінде кеңестік биліктің 1920 жылдардың бас кезеңіндегі аграрлық саясаты мен оның этнодемографиялық салдары, 1920 жылдардың екінші жартысындағы саяси іс-шаралары (соның ішінде «Кіші Қазан»), 1930 жылдардың басындағы қазақ халқының этнодемографиялық зардаптары, қазақтардың қарулы көтерілістері және т.б. мәселелерге талдау беріледі. Осыған орай түрік

тарихшылары КСРО-ның саясатына тікелей әсер еткен идеологиялық, әлеуметтік, экономикалық, саяси сияқты факторларды зерттеуге көп көңіл бөледі.

Екіншіден, КСРО-ның Қазақстандағы ұжымдастыру саясатын зерттейтін ғалымдардың еңбектерін екі топқа бөлуге болады. Кейбір түрік тарихшылары аштықтың себебін егін шықпауы немесе КСРО үкіметі жіберген экономикалық қателер деп санайды. Бірақ түрік ғалымдарының басым көпшілігі ашаршылықтың себебін кеңестік биліктің жүйелі түрде жүргізілген саясатынан көреді. Бұл ретте осы топқа жататын түрік зерттеушілері қазақ ауылдарын жаппай ұжымдастыру саясатының этнодемографиялық зардаптарын сөз еткенде, соны ең алдымен кеңестік билік қабылдаған іс-шаралардың салдары деп санайды. Ауыл шаруашылығы саласында жүргізілген саясат бүкіл мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-саяси және саясаттың ажырамас бөлігі болғандықтан кеңестік билік өзінің бүкіл саясатына жауап береді. Осыған байланысты түрік тарихшылары кеңестік биліктің қазақ халқына қатысты саясатын сипаттау барысында «геноцид» («soykırım») терминін қолданғанда геноцидтің «негізі» большевиктердің кейбір көзқарастарында да бар болғандығына ерекше назар аударады. Өйткені кеңестік мемлекеттік биліктің кейбір ресми өкілдерінің айтқандарына қарағанда, «осал экономикалық элемент» ретінде қазақтар іс жүзінде қырылуға тиіс. Осы жағдайда түрік ғалымдарының пікірінше, қазақ халқының кеңестік биліктің ұжымдастыру саясатына айқын әрі ашық түрде қарсы шыққанына (соның ішінде қарулы көтеріліс түрінде де) қарамастан, орталық билік қазақтардың этнодемографиялық қырылуына әкелетін өзінің ұстанымдарынан таймады.

Әдебиеттер

- Аккулы С., 2014 – *Аккулы С.* Голод 1932–1933 гг. истребил казахов на 70 %, сократив с 7,2 миллионов до 2! // Голод 1930-х годов в Украине и Казахстане: вопросы историографии и подходы к исследованию проблемы (к 80-летию трагедии) / Под. общ. ред. Е.Б. Сыдыкова. Астана: ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2014. С. 138–147.
- Алексеевко, 2026 – *Алексеевко А.Н.* Демографические последствия голода в Казахстане начала 30-х годов (оценка потерь казахского этноса). URL: <https://www.demoscope.ru/weekly/2003/0101/analit02.php>
- Киндлер, 2017 – *Киндлер Р.* Сталинские кочевники: власть и голод в Казахстане / Пер. с нем. Л.Ю. Пантинной. М.: РОССПЭН, 2017. 382 с.
- Ковальченко, 1987 – *Ковальченко И.Д.* Методы исторического исследования. Москва: Наука, 1987. 440 с.
- Корнилов, 2023 – *Корнилов Г.Е.* Голод в Казахской АССР в 1930-е годы: историографический дрейф // Новейшая история России. 2023. Т. 13. № 1. С. 99–121.
- Смағұлова, 2023 – *Смағұлова С.* Зұлмат жылдар зардабы: 1931–1933 жж. Астана, 2024. 253 б.
- Ақбаş, 2023 – *Ақбаş Arif.* Kıtık, Şiddet ve Sovyet Kazakistan'ının Oluşumu: 1932–1933 Olayları // *Türkologia*. 2023. № 4 (116). Sf. 1–12.
- Çam, 2023 – *Çam Ahmet.* Kazakistan'da Kızıl Kıtık (1929–1933). Stalin'e Mektuplar - Anılar- Röportajlar Adlı Aser Üzerine // *Uluslararası Türkçe Edebiyat Kültür Eğitim Dergisi*. 2017. Sayı. 6/1. S. 550–552.
- Hekimoğlu, 2012 – *Hekimoğlu Sefa Fuat.* Sovyetler Birliği Döneminde Kazakistan // *Iğdır Bölgesel ve Küresel Politikalarda Orta Asya*. Ankara-Türkistan, 2012. S. 390–427.
- Hekimoğlu, 2018 – *Hekimoğlu Vecihi Sefa Fuat, Nashtanov Zhanabek.* 20. Yüzyılın İlk Yarısında Kazakistan'da Yaşanan Açlık Felaketleri // *Iğdır Üniversitesi Sosyal Bilimler Dergisi*. 2018. № 15. Temmuz. S. 189–207.
- Hekimoğlu, Tashtanov, 2018 – *Hekimoğlu Vecihi Sefa Fuat, Nashtanov Zhanabek.* Sayram'da Sovyet Repressiya Politikaları // *Genel Türk Araştırmaları Dergisi*. 2023. S. 409–420.
- İbrahim, Türk, 2016 – *İbrahim Damira, Türk Vahit.* Kazakistan'da Kızıl Kıtık (1929–1933). İstanbul: Bilge Kültür ve Sanat, 2016.
- İsmail, 2002 – *İsmail Zeyneş.* Kazak Türkleri. Ankara: Yeni Türkiye Yayınları, 2002. 461 s.
- Eski Devirlerden..., 2007. – *Eski Devirlerden Günümüze Kazakistan ve Kazaklar / Çev. Abdulvahap Kara.* İstanbul: Selenge Yayınları, 2007. 354 s.
- Karaca, 2017 – *Karaca Veysel İbrahim.* Bir Soykırımın Anatomisi – Kazakistan'da Kızıl Kıtık // *Uluslararası Türk Leçe Araştırmaları Dergisi*. 2017. Cilt. 1. Sayı. 2. S. 170–173.
- Kesici, 2003 – *Kesici İsmail.* Dün, Bugün ve Hedefteki Kazakistan. İstanbul: IQ Kültür Sanat Yayıncılık, 2003. 304 s.
- Korkmaz, 2017 – *Korkmaz Telli.* Kazakistan'da Dünden Bugüne Tarih Eğitimi // *Türkologia*. 2017. № 3. 93–107-6.
- Olkott, 1981 – *Olkott M.B.* The Collectivization Drive in Kazakhstan // *Russian Review*. 1981. Vol. 40, no. 2. Pp. 122–142.
- Pianciola, 2004 – *Pianciola N.* Famine in the Steppe. The collectivization of agriculture and the Kazak herdsman 1928–1934 // *Cahiers du monde Russe*. 2004. Vol. 45. No. 1–2. Pp. 137–192.
- Teğın, 2022 – *Teğın Emre.* Kazakistan'da 1930–32 Büyük Kıtılığın Nedenleri: Kasıt Mı, Kaza Mı? // *Genel Türk Tarihi Araştırmaları Dergisi*. 2022. Cilt. 4. Sayı. 8. Temmuz. S. 889–908.
- Teğın, 2025 – *Teğın Emre.* Sovyet Kaynaklarının Ötesi: Alman Diplomatik Raporlarında Kazakistan'da Büyük Kıtık (1930–1933) Analizi // *Türk Tarih Kurumu. Belleten*. 2025. Aralık. Cilt. 89. Sayı. 316. S. 1185–1214.
- Türk, 2016 – *Türk Hüseyin.* Toplumsal Yaşam ve Eski Türk İnançları. Kazakistan Kültürü. İstanbul, 2016. 160 s.

References

- Akkuly S., 2014 – *Akkuly S. Golod 1932–1933 gg. istrebil kazakhov na 70 %, sokrativ s 7,2 millionov do 2!* [The famine of 1932–1933 exterminated the Kazakhs by 70%, reducing them from 7.2 million to 2!]. *Golod 1930-kh godov v Ukraine i Kazakhstane: voprosy istoriografii i podkhody k issledovaniyu problemy (k 80-letiyu tragedii)*. Pod. obshch. red. Ye.B. Sydykova. Astana: YeNU im. L. N. Gumileva, 2014. Pp. 138–147. [in Russian]
- Alekseyenko, 2026 – *Alekseyenko A.N. Demograficheskiye posledstviya goloda v Kazakhstane nachala 30-kh godov (otsenka poter kazakhskogo etnosa)* [Demographic consequences of the famine in Kazakhstan in the early 1930s (an assessment of the loss of the Kazakh ethnic group)]. URL: <https://www.demoscope.ru/weekly/2003/0101/analit02.php> [in Russian]
- Kindler, 2017 – *Kindler R. Stalinskiye kochevniki: vlast i golod v Kazakhstane* [Stalin's Nomads: Vlast and Famine in Kazakhstan]. Per. s nem. L.Yu. Pantinoy. M.: ROSSPEN, 2017. 382 p. [in Russian]
- Kornilov, 2023 – *Kornilov G.E. Golod v Kazakskoy ASSR v 1930-e gody: istoriografichesky dreyf* [Famine in the Kazak ASSR in the 1930s: Historiographical Drift]. *Noveyshaya istoriya Rossii*. 2023. T. 13. № 1. Pp. 99–121. [in Russian]
- Kovalchenko, 1987 – *Kovalchenko I.D. Metody istoricheskogo issledovaniya* [Methods of historical research]. Moskva: Nauka, 1987. 440 p. [in Russian]
- Smagulova, 2023 – *Smagulova S. Zulmat zhyldar zardaby: 1931–1933 zhzh* [The severe consequences of the years of oppression: 1931–1933]. Astana, 2024. 253 p. [in Kazakh]
- Akbaş, 2023 – *Akbaş Arif. Kıtık, Şiddet ve Sovyet Kazakistanı'nın Oluşumu: 1932–1933 Olayları* [Famine, Violence, and the Formation of Soviet Kazakhstan: The Events of 1932–1933]. *Türkologia*. 2023. № 4 (116). Pp. 1–12. [in Turkish]
- Çam, 2023 – *Çam Ahmet. Kazakistan'da Kızıl Kıtık (1929–1933). Stalin'e Mektuplar - Anılar- Röportajlar Adlı Aser Üzerine* [The Red Famine in Kazakhstan (1929–1933). Letters to Stalin - Memoirs - Interviews.]. *Uluslararası Türkçe Edebiyat Kültür Eğitim Dergisi*. 2017. Sayı. 6/1. Pp. 550–552. [in Turkish]
- Hekimoğlu, 2012– *Hekimoğlu Sefa Fuat. Sovyetler Birliği Döneminde Kazakistan* [Kazakhstan during the Soviet Union Era]. *Iğdır Bölgesel ve Küresel Politikalarda Orta Asya*. Ankara-Türkistan, 2012. Pp. 390–427. [in Turkish]
- Hekimoğlu, 2018 – *Hekimoğlu Vecihi Sefa Fuat. 20. Yüzyılın İlk Yarısında Kazakistan'da Yaşanan Açlık Felaketleri* [Famine Disasters in Kazakhstan During the First Half of the 20th Century]. *Iğdır Üniversitesi Sosyal Bilimler Dergisi*. 2018. № 15. Temmuz. Pp. 189–207. [in Turkish]
- Hekimoğlu, Tashtanov, 2018 – *Hekimoğlu Vecihi Sefa Fuat, Nashtanov Zhanabek. Sayram'da Sovyet Reprisiya Politikaları* [Soviet repressive policy in Sayram]. *Genel Türk Araştırmaları Dergisi*. 2023. Pp. 409–420. [in Turkish]
- İbrahim, Türk, 2016 – *İbrahim Damira, Türk Vahit. Kazakistan'da Kızıl Kıtık (1929–1933)* [Red Famine in Kazakhstan (1929–1933)]. İstanbul: Bilge Kültür ve Sanat, 2016. [in Turkish]
- İsmail, 2002 – *İsmail Zeyneş. Kazak Türkleri* [The Kazakhs]. Ankara: Yeni Türkiye Yayınları, 2002. 461 p. [in Turkish]
- Eski Devirlerden..., 2007. – *Eski Devirlerden Günümüze Kazakistan ve Kazaklar* [Kazakhstan and the Kazakhs from Ancient Times to the Present]. Çev. Abdulvahap Kara. İstanbul: Selenge Yayınları, 2007. 354 p. [in Turkish]
- Karaca, 2017 – *Karaca Veysel İbrahim. Bir Soykırımın Anatomisi – Kazakistan'da Kızıl Kıtık* [The Anatomy of a Genocide – The Red Famine in Kazakhstan]. *Uluslararası Türk Leçe Araştırmaları Dergisi*. 2017. Cilt. 1. Sayı. 2. Pp. 170–173. [in Turkish]
- Kesici, 2003 – *Kesici İsmail. Dün, Bugün ve Hedefteki Kazakistan* [Kazakhstan of Yesterday, Today and the Future]. İstanbul: IQ Kültür Sanat Yayıncılık, 2003. 304 p. [in Turkish]
- Korkmaz, 2017 – *Korkmaz Tellî. Kazakistan'da Dünden Bugüne Tarih Eğitimi* [History Education in Kazakhstan from Past to Present]. *Türkologia*. 2017. № 3. Pp. 93–107. [in Turkish]
- Olkott, 1981 – *Olkott M.B. The Collectivization Drive in Kazakhstan*. Russian Review. 1981. Vol. 40. № 2. Pp. 122–142.
- Pianciola, 2004 – *Pianciola N. Famine in the Steppe. The collectivization of agriculture and the Kazak herdsmen 1928–1934*. *Cahiers du monde Russe*. 2004. Vol. 45. № 1–2. Pp. 137–192.
- Teğin, 2022 – *Teğin Emre. Kazakistan'da 1930–32 Büyük Kıtığı'nın Nedenleri: Kasıt Mı, Kaza Mı?* [The Causes of the Great Famine in Kazakhstan in 1930–32: Intentional or Accidental?]. *Genel Türk Tarihi Araştırmaları Dergisi*. 2022. Cilt. 4. Sayı. 8. Temmuz. Pp. 889–908. [in Turkish]
- Teğin, 2025 – *Teğin Emre. Sovyet Kaynaklarının Ötesi: Alman Diplomatik Raporlarında Kazakistan'da Büyük Kıtık (1930–1933) Analizi* [Beyond Soviet Sources: An Analysis of the Great Famine in Kazakhstan (1930–1933) in German Diplomatic Reports]. *Türk Tarih Kurumu. Belleten*. 2025. Aralık. Cilt. 89. Sayı. 316. Pp. 1185–1214. [in Turkish]
- Türk, 2016 – *Türk Hüseyin. Toplumsal Yaşam ve Eski Türk İnançları*. Kazakistan Kültürü [Social Life and Ancient Turkic Beliefs. Kazakhstan Culture.]. İstanbul, 2016. 160 p. [in Turkish]

МАЗМҰНЫ/ СОДЕРЖАНИЕ/CONTENT
ОТАН ТАРИХЫ. 2026. Т. 29. № 1

Касымова Д.Б., Капаева А.Т., Кудайбергеноулы Б. О «ФЕОДАЛЬНО-БАЙСКИХ ПЕРЕЖИТКАХ» В КАЗАХСКОЙ ССР: ДИСКУРС, ПРАВО И ПРАКТИКИ.....	5
Козина В.В., Уалтаева А.С., Баймагамбетова А.А. СОЦИАЛЬНО-ДЕМОГРАФИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ МОНОГОРОДОВ КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ.....	22
Мамраймов С. КЕҢЕСТІК АГРАРЛЫҚ САЯСАТ АЯСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЖЫМДАСТЫРУ МЕН БАЙ-ШАРУАШЫЛЫҚТАРДЫ ТӨРКІЛЕУ (1928–1933 жж.).....	40
Turgunbayev I.Ye., Moryakova M.T., Zhanatayeva K.B. VILLAGE INSTITUTES IN TÜRKIYE AS AN INSTRUMENT OF CULTURAL POLICY.....	54
Sissenbayeva A.A., Kalybekova M.Ch. THEORETICAL AND SOURCE BASE FOR THE STUDY OF HISTORY OF KAZAKHSTANI PRISONERS OF WAR IN CONCENTRATION CAMPS ON THE TERRITORY POLAND DURING THE WORLD WAR II.....	66
Жолдасұлы Т., Досым А.Б. ҚЫЗЫЛОРДАДАҒЫ ИСЛАМНАН ӨЗГЕ ДІНИ ҰЙЫМДАР: СОВЕТТІК КЕЗЕҢ ТӘЖІРИБЕСІ (1960–1980 ЖЖ.).....	77
Zhumatay G., Yskak A. TSARIST RUSSIA’S CIVILIZING MISSION AND POLICY OF CHRISTIANIZATION OF THE KAZAKHS IN THE SECOND HALF OF THE 19 th AND BEGINNING OF THE 20 th CENTURIES.....	91
Zholseitova M.A. SOCIO-POLITICAL TRANSFORMATION OF THE TURKIC-MUSLIM SOCIETY IN THE INTELLECTUAL HERITAGE OF THE ALASH MOVEMENT.....	107
Сабитов Ж.М., Каратаев А.А. О ПРОИСХОЖДЕНИИ И ИСТОРИИ ПЛЕМЕНИ АРГЫН.....	118
Бимақанова З.Ш., Мұқанова Г.Қ., Нұрғалиева Ф.М. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ «КІШІ ҚАЗАН» ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕ ПӘНАРАЛЫҚ ТӘСІЛДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ МЕН ПРИНЦИПТЕРІ.....	132
Ахметова Г.М. ТОРГОВО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ КАЗАХСТАНА В XIX – НАЧАЛЕ XX ВЕКА: ОТЕЧЕСТВЕННАЯ И ЗАРУБЕЖНАЯ ИСТОРИОГРАФИЯ.....	142

Ермаханова М.А., Абдразақова А.Ө., Айтуар Б.М. АҢЫЗ ЖӘНЕ ШЫНДЫҚ: ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВТИҢ ТҮЛҒАСЫНА ҚАТЫСТЫ ТАРИХНАМАЛЫҚ ТАЛДАУ.....	161
Махамбетова Л.А., Мейрманова Г.А. У.Х. ШӨЛЕКЕНОВТИҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚТАР МЕН ҚАРАҚАЛПАҚТАРДЫҢ ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮЙЕСІ.....	174
Байжанова А.Ә., Шашаев Ә.К., Әділбекова З.Ә. XX ҒАСЫРДЫҢ 20–30 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОҚУ-АҒАРТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ: ТАРИХИ ТАЛДАУ.....	185
Ошан Ж., Кенжеахмет Н., Қадылбек М. «ИМПЕРАТОР ГУАНСЮЙ БИЛГІ ТҰСЫНДАҒЫ СОЛТҮСТІК-БАТЫС ШЕКАРА ДЕЛИМИТАЦИЯЛЫҚ КАРТАСЫНЫҢ ҚЫТАЙША АУДАРМАСЫНДА» КӨРСЕТІЛГЕН ҚАЗАҚСТАННЫҢ ШЫҒЫС ШЕКАРАСЫНА ҚАТЫСТЫ ТАРИХИ ТОПОНИМИКАЛАР.....	199
Zholdas A.K., Amirbek A.A., Kumganbayev Zh. K. THE ROLE OF HISTORY TEACHING IN FORMING THE KAZAKH INTELLIGENTSIA (1918–1927 YEARS).....	210
Саркенова К.А., Әбенова Б.С. БАТЫС СІБІР: ӘКІМШІЛІК-ТЕРРИТОРИЯЛЫҚ БӨЛІНСІ, ҚАЗАҚТАРДЫҢ ОРНАЛАСУЫ (XVIII Ғ. СОҢЫ – XIX Ғ. БІРІНШІ ЖАРТЫСЫ).....	219
Mirzakulova R.M., Alpysbayeva N.K. SCHOLARS’ PERSONAL FUNDS IN THE SCIENTIFIC ARCHIVE OF “GYLYM ORDASY” AS A PHENOMENON OF HISTORICAL MEMORY.....	234
Абдукадыров Н.М., Қалдыбаева С.С., Көбесова А.С. ОСМАН МЕМЛЕКЕТІ МЕН ОРТА АЗИЯ ХАЛЫҚТАРЫ АРАСЫНДА ОҚУ-АҒАРТУ САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ (XIX Ғ. СОҢЫ – XX Ғ. БАСЫ).....	249
Ауанасова К.М., Ауанасова А.М., Бадиев А.М. ВКЛАД СЕРАЛИ ЛАПИНА В ПРАВОВОЙ МОДЕРНИЗМ В ПЕРВЫЕ ГОДЫ СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ (НА ОСНОВЕ АНАЛИЗА ЗАПАДНОЙ И РОССИЙСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ).....	266
Akhmetova Zh.K., Abdrazakova A.U. THE KAZAKHSTANI VARIANT OF THE SOVIET NATION-BUILDING PROJECT IN THE CONTEXT OF IMPERIAL LEGACY AND SOCIALIST MODERNIZATION (1920–1940).....	276
Azretbergenova E.Zh., Baigarayev N.A. ISSUES OF CULTURAL POLICY AND NATIONAL IDENTITY IN THE PERIOD BETWEEN THE KAZAKH AUTONOMOUS SOVIET SOCIALIST REPUBLIC AND THE KAZAKH SOVIET SOCIALIST REPUBLIC.....	288

Дюсенова Н.К. ТҮРІК ЗЕРТТЕУШІЛЕРІНІҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ АШАРШЫЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ.....	303
Есенаманова А.С., Қалыш А.Б., Исаева А.И. ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ КІЛЕМ ТОҚУ ДӘСТҮРІН ЗЕРТТЕУ ТАРИХНАМАСЫ: ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ МУЗЕЙЛІК ТҮРҒЫДАН ШОЛУ.....	312
Сарсенбаев А.Б., Оспанов Е.Б. ҚАЗАҚ ШЕЖІРЕСІ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ДЕРЕККӨЗІ РЕТІНДЕ.....	325
Турекеев К.Ж. НАРЕЧЕНИЕ ИМЕНИ У КАРАКАЛПАКОВ НАВОЙСКОЙ И САМАРКАНДСКОЙ ОБЛАСТЕЙ: ТРАДИЦИИ И СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ.....	333
Шамшетдинова Д.И. УСПЕХИ И НЕДОСТАТКИ РАЗВИТИЯ СФЕРЫ БЫТОВОГО ОБСЛУЖИВАНИЯ В СЕЛЬСКОЙ МЕСТНОСТИ КАРАКАЛПАКСТАНА В 1960–80-Е ГГ.....	343
Мұхатова О.Х., Қаипбаева А.Т., Саипова К.Д. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1920–1930 ЖЫЛДАРДАҒЫ ПАНАСЫЗ БАЛАЛАР ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	353
Қабдолдина К.Қ., Құндақбаева Ж.Б. ДІНИ ПАРЫЗ БЕН ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПТЕР АРАСЫНДА: ХІХ ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ – ХХ ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗЫЛЫҚҚА САНИТАРЛЫҚ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚИЫНДЫҚТАРЫ.....	367
Қалишабаев А.Ж., Елеуов М.Е. Т.Н. СЕНИГОВА: БАТЫС ЖӘНЕ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ЭКСПЕДИЦИЯЛАРЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ ЖАҒАЛЫҚТАРЫ (1950–1970 ЖЫЛДАР).....	378
Кенжебаев Ф.Қ. Сайфулмаликова С.С. БӨКЕЙ ОРДАСЫНДАҒЫ БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ: ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ, ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ МӘДЕНИ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАНУЫНА ПӘНАРАЛЫҚ ТАЛДАУ.....	387
Темирханова А.С., Альбина Абеновна Максүтова А.М., Исакаева А.М. ҚАСЫМ ЕРТІСБАЕВ ТҮЛҒАСЫ ХХ ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ДІНИ-АҒАРТУШЫЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР КОНТЕКСІНДЕ.....	400
Мухамадеева И.А., Кенжебек Д.К., Жаксыбаева А.А. ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА «КАЗАХ» (1913–1918 ГГ.) КАК ОДИН ИЗ ИСТОЧНИКОВ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ИСТОРИИ.....	410

Ш.Ш. Уәлиханов ат. Тарих және этнология институты
Алматы қ., Шевченко көш., 28
Тел/факс: +7 727 261 67 19
e-mail: kazhistory@bk.ru
